

Қостанай облысы Жітіқара ауданы Тимирязев ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2017 жылғы 17 қазандағы № 144 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 қарашада № 7299 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2020 жылғы 27 ақпандағы № 385 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 27.02.2020 № 385 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Жітіқара ауданы Тимирязев ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Жітіқара ауданы Тимирязев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Мәслихаттың 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 231 "Қостанай облысы Жітіқара ауданы Тимирязев ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4797 тіркелген, 2014 жылғы 19 маусымдағы "Житикаринские новости" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Мәслихаттың 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 224 "Қостанай облысы Жітіқара ауданы Волгоград ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4803 тіркелген, 2014 жылғы 19 маусымдағы "Житикаринские новости" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессияның төрайымы

Р. Шукманова

Жітіқара аудандық

мәслихатының хатшысы

А. Кабиев

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай облысы Жітіқара ауданы

Тимирязев ауылдық округінің әкімі

_____ Т. З. Ермұқанов

2017 жылғы 17 қазан

Мәслихаттың

2017 жылғы 17 қазандағы

№ 144 шешіміне 1-қосымша

Қостанай облысы Жітіқара ауданы Тимирязев ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Жітіқара ауданы Тимирязев ауылдық округінің (бұдан әрі - Тимирязев ауылдық округі) бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Тимирязев ауылдық округі тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Тимирязев ауылдық округінің аумағындағы ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиын Тимирязев ауылдық округі әкімімен шақырылады.

Жітіқара ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Тимирязев ауылдық округінің шегінде бөлек жиынды өткізуді Тимирязев ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Тимирязев ауылдық округінің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Тимирязев ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Тимирязев ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Тимирязев ауылдық округінің тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Жітіқара аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Тимирязев ауылдық округінің тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Тимирязев ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Мәслихаттың
2017 жылғы 17 қазандағы
№ 144 шешіміне 2-қосымша

Қостанай облысы Жітіқара ауданы Тимирязев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Тимирязев ауылдық округінің ауылдарының және көшелерінің атауы	Өкілдерінің саны (адам)
1	Тимирязев ауылы	27
	оның ішінде:	
	Абай көшесі	4
	Джамбул көшесі	2
	40 лет октября көшесі	2
	Чехов көшесі	5
	Молодежная көшесі	5

	Целинный көшесі	2
	Советская көшесі	1
	Садовая көшесі	2
	Тимирязев көшесі	1
	Ленин көшесі	2
	Первомайская көшесі	1
2	Волгоград ауылы	16
	оның ішінде:	
	Советская көшесі	3
	Западная көшесі	1
	30 лет Целины көшесі	1
	Производственная көшесі	1
	Целинная көшесі	1
	Комсомольская көшесі	1
	Казахская көшесі	2
	Украинская көшесі	2
	Молодежная көшесі	1
	Новая көшесі	1
	Строительная көшесі	2
	Барлығы:	43